



Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 296 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін
атқарушы полиция полковнигі

Б. Әленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

2025 жылғы " " _____

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрі
2025 жылғы 14 сәуірдегі
№ 296 бұйрығымен
бекітілген

1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бөлімшелерін қызметтік иттермен қамтамасыз ету

Күзет объектілерінің (	Иттердің саны							

р/с №	бөлімнің , бөлімшесінің) атауы және олардың сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Іздеуші	Патрульдік-іздеуші	Қарауылдық	Есірткі іздеуші	Жарылғыш заттарды іздеуші	Шабуылдаушы	Асыл тұқымды	Күшіктер	Жөндеудегі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

1-параграф. Маңызды мемлекеттік объектілерді күзету жөніндегі әскери бөлімдер (бөлімшелер)

1.	Тәуліктің күзеті бар тұрақты объект	бірлік	2	3	-	-	2	-	-	-	-
2.	Тәуліктің күзеті бар тұрақты объектінің көлікті өткізу жөніндегі бақылау-өткізу пункті	бірлік	-	3	-	-	2	-	-	-	-

2-параграф. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін күзету жөніндегі әскери бөлімдер (бөлімшелер)

[illegible]

4.	бір ауысым д а жұмыс істейтін тұрақт ы кұрылы с және уақытш а объект	бірлік	-	3	6	-	-	-	-	-	-
5.	Тәулікт і к күзеті бар тұрақт ы объекті ні ң көлікті өткізу жөнінд ег і бақыла у-өткізу пункті	бірлік	-	3	-	1	-	-	-	-	-
6.	Өмір бойына б а с бостанд ығынан айырыл ған және өлім жазасы н а кесілге н сотталғ андард ы ң мінез-қ ұлқын бақыла у мен қадағал ауды жүзеге асырат ы н қылмыс тық-атқ	бірлік	1	2	-	-	-	-	-	-	-

	ару жүйесін ің мекмесі 1 корпусқа								-	
7.	Объектінің тәуліктік күзетуді жүзеге асыратын бөлімшенің із кесу тобы	бірлік	-	1	-	-	-	-	-	-

3-параграф. Айдауылдау жөніндегі әскери бөлімдер (бөлімшелер)

[illegible]

14.	қызметі нің маманд арын даярлау жөнінд егі оқу взводы (тобы)	бірлік	1	-	-	-	-	-	-	-	1 курсант -қа
15.	Қызмет тік тұқымд ы иттерді өсіру және көбейту питомн игі (асыл тұқымд ы иттерді бар бөлімш е), мынада й есеппен :										
	1) бес асыл тұқымд ы итке	бірлік	-	-	-	-	-	-	-	15	10
	2) он асыл тұқымд ы итке	бірлік	-	-	-	-	-	-	-	30	20
	3) он бес асыл тұқымд ы итке	бірлік	-	-	-	-	-	-	-	40	30
	4) жиырма бес асыл тұқымд ы итке	бірлік	-	-	-	-	-	-	-	60	50

Ескертпе:

1. Бір кинолог-маманға бір қызметтік ит бекітіліп беріледі, ерекшелікті мыналар құрайды:

1) Қарауылдық иттер – бір кинолог-маманға үш итке дейін бекітіліп беріледі;

2) Қызметтік тұқымды иттерді өсіру және көбейту питомнигінде асыл тұқымды иттер мен күшіктерді (штат санында асыл тұқымды иттер бар бөлімшелерде) қызметтік жүктемені тең бөлуді қамтамасыз ету есебінен кинолог-маманға бекітіліп беріледі.

2. Оқу орталықтарындағы даярлау (қайта даярлау) курстарына кинолог-мамандар бекітіліп берілген қызметтік иттермен жіберіледі. Қажет болған жағдайда курсанттарға оқу орталығының итері бекітіледі.

3. Қызметтік иттердің шекті жасы 8 жыл 3 ай болып табылады, одан кейін оның бұдан әрі жұмысқа жарамдылығын арнайы комиссия айқындайды. Шекті жасқа толғаннан кейін қызметтік иттер қызметтік мақсаттарда пайдалануы бойынша басқа немесе белгіленген қызмет мерзімі өткеннен кейін денсаулық жағдайына, кемістігіне және кемтарлығына байланысты жұмыс қабілетін жоғалтуы салдарынан қызметтік мақсатта пайдалануға жарамсыз санатқа ауыстырылады, одан кейін есептен шығарылады.